

## Электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 желтоқсандағы № 1822 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 қарашадағы № 759 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.11.2017 № 759 қаулысымен.**

**Р Қ А О - ның ескертпесі.**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілдіктіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңың қараңыз.

Электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Коммуналдық қызмет көрсетулерді ұсыну ережесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақтың 2,3-абзацтары алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.11.10. N 1175 қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрія және сауда министрлігі бұрын қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан  
Премьер-Министрі

Республикасының

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ 1822 қаулысымен  
бекітілген

### ***Коммуналдық қызмет көрсету ережелері***

**Ескерту. "газбен жабдықтау", "газбен жабдықтаумен", "газ", "газды", "газдың" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 568 қаулысымен**

### ***1. Жалпы ереже***

1. Осы ЕРЕЖЕ қолданылып жүрген зандарға сәйкес жасалды және коммуналдық қызмет көрсету тәртібін, шарттары мен коммуналдық қызмет көрсету (бұдан былай - қызмет көрсету) ақысын белгілейді, сондай-ақ қызмет берушілер мен тұтынушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

2. Осы Ережелерде мынадай анықтамалар қолданылады:

коммуналдық қызмет көрсету - электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, канализациялау (бұдан былай - электрмен жабдықтау), сондай-ақ пәтерлерде, жеке тұрғын үйлердегі азаматтарға, сондай-ақ үй-жай маңайындағы, гараждар мұқтаждықтары үшін жекелеген кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтарға тұратын жерлері бойынша, кондоминиум объектілеріне қоқысты әкету және лифт бойынша қызмет көрсету;

қызмет көрсетуді беруші - электрмен жабдықтаумен, жылумен жабдықтаумен, сумен жабдықтаумен, канализациялаумен (бұдан былай - энергиямен жабдықтайтын үйим) айналысатын занды және жеке тұлға, сондай-ақ қоқысты әкету мен лифт бойынша қызмет көрсету, абоненттері мен кондоминиум объектілеріне қызмет көрсету - жылу және электр энергиясын жеткізу болып табылады.

тұтынушы - коммуналдық қызметті пайдаланатын азамат, қызмет көрсетуді беру режимі - көрсетілетін қызметтің әрбір тұрпаты үшін белгіленген міндетті нормалар жүйесі;

энергиямен жабдықтау - тұтынушыларға электр энергиясын, жылу энергиясын, су (бұдан былай - энергия) жеткізу және сату;

энергиямен жабдықтаушы үйим - өндірілген немесе сатып алынған электр энергиясын, жылу энергиясын, суды тұтынушыларға жеткізуді (өз бетімен немесе энергияны беруші үйиммен жасалған шарт бойынша) және сатуды жүзеге асыратын занды тұлға;

энергия беруші үйим - энергия беруді және (немесе) бөлуді жүзеге асыратын үйим;

энергия - электр және жылу энергиясы, электррыногында тауар болып табылатын су.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.10. N 1175 қаулысымен.**

3. Тұтынушыларды энергиямен жабдықтау және қоқысты әкету және лифт бойынша қызмет көрсетумен байланысты осы Ережелерде жазылмаған мәселелер және қолданылып жүрген зандармен реттеледі.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.10. N 1175 қаулысымен.**

3-1. Газбен жабдықтау жөніндегі коммуналдық қызметтердің көрсетілуімен байланысты мәселелер жекелеген нормативтік құқықтық кесімдермен реттеледі.  
<\*>

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 568 қаулысымен.

## 2. Қызмет көрсетуді ұсыну тәртібі және шарттары

4. Қызмет көрсетуді беру Қызмет көрсетуді беруші мен Тұтынушы арасындағы жеке шарттың (бұдан былай - Шарт) негізінде жүргізіледі.

Тұтынушылар ПМК басқармасына немесе жеке немесе заңды тұлғаға шарт жасасу жөніндегі өз құқықтарын заңдарда белгіленген тәртіппен табыстауға құқылы.

Шарт осы Ережеге қайшы келмеуі, ал оның мәтіні аумақтық монополияға қарсы органдармен келісілуі тиіс.

Шарт айқын емес мерзімге жасалған деп есептеледі (егер тараптардың келісімімен басқаша көзделмесе) және осы Ережелердің 35 және 38-тармақтарында көзделген негіздемелер бойынша өзгерілуге немесе бұзылуы мүмкін.

5. Қызмет көрсетуді беру тұтынушылық сипаты мен режимі нормативтік-техникалық құжаттармен белгіленген талаптарға:

1) жылумен жабдықтау бойынша - тұрғын бөлмелердегі жылышты маусымы бойы тәуліктік аяқ температурасын айқындастырын санитарлық нормаларға;

2) электрмен жабдықтау бойынша - жыл бойы тәуліктік қолданылып жүрген стандарттар жөніндегі электр энергиясының параметрлеріне;

3) суық және ыстық сумен жабдықтау бойынша жыл бойы тәуліктік берілетін судың құрамы, қасиеті мен ысытылу температурасы жөнінде гигиеналық талаптарға, сондай-ақ тарату нұктесіндегі судың есептелген шығынына;

4) канализация бойынша - жыл бойы ағынды судың толық ағып кетуін қамтамасыз етуге;

5) <\*>

6) лифтімен қызмет көрсету бойынша - жыл бойы тәуліктік немесе шарттың негізінде лифтіні қауіпсіз пайдалануға;

7) қоқыс шығару жөнінде - санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беретіндей қоқыстың толықтай шығарылуына сәйкес келуі тиіс.

Ескерту. 5)-тармақша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 568 қаулысымен.

6. Коммуналдық мақсаттағы негізгі қорлардың қуатын, құрамын, төзімділігін, климаттық және басқа да жергілікті жағдайлары ескеріле отырып қызмет көрсетулерді беру режимі мен тұтынудың кепілді деңгейі Шартпен белгіленеді.

7. Қызмет көрсетуді ұсыну режимінен мүмкін деген ауытқулар міндетті тәртіппен шартта көзделуі тиіс.

### **3. Тараптардың жауапкершілігі**

8. Жалпы үйлік энергия желілерінің, сондай-ақ есепке алу құралдарын техникалық жағдайда ұсташа және қауіпсіздігін қамтамасыз ету энергиямен жабдықтаушы ұйымның міндеті болып табылады және ПМК-мен немесе Тұтынушының өкілетті тұлғасымен жасалған жекелеген шарт негізінде жүзеге асырылады.

Энергиямен жабдықтаушы ұйым қызмет көрсетуді өз алдына жеке және (немесе) энергия беруші немесе осындай қызмет түріне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт бойынша жүргізе алады. Мамандандырылған ұйымдарды тарту тендерлік негізде жүргізіледі.

Пәтерлердегі, жекелеген үйлердегі, үй-жайлардағы және сол сияқты жерлердегі труба құбырларының, энергия өткізгіштердің, энергия жабдықтарының техникалық жағдайы мен пайдаланылуы үшін, сондай-ақ энергияны пайдалану кезіндегі техника қауіпсіздігі үшін жауапкершілік тұтынушыға жүктеледі.

9. Есепке алу құралдарын қондыру міндеттемелері энергия беруші ұйымға жүктеледі.

Есепке алу құралдарын қондыруды қаржыландыру энергия беруші ұйымның жеке немесе қарызға алған қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Тұтынушы энергия беруші ұйымның сатып алынған және қондырылған есепке алу құралы үшін кеткен шығынын энергиямен жабдықтауға жасалған шарт бойынша энергияға белгіленген тариф арқылы толтырады.

10. Тұтынушы жеке есепке алу құралдарын өз бетімен сатып алуға және орнатуға құқылы. Мұндай тұтынушылар үшін энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың шығындарын тариф арқылы өтеу шартқа сәйкес есептеу құралдарын орнату үшін ғана жүргізіледі.

11. Есепке алу құралдары баспалдақтағы торларға, үйлердің дәліздері мен жекеленген пәтерлерге орнатылады.

Есепке алу құралдарына өту еркін болуы тиіс.

12. Тұтынушы өзінің пәтерінде немесе жеке үйінде орнатылған есепке алу құралының сақталуына және бүтіндігіне жауап береді. Баспалдақтағы торларға тұтынушылардың (пәтер иелерінің) есепке алу құралдарын орнату кезіндегі

олардың сақталуы мен бүтіндігі үшін қарамағына сол үй кіретін ПМК жауапкершілік арқалайды.

13. Тұтынушылардың (пәтер иелерінің) баспалдақ торларында орнатылған есепке алу құралдарын белгісіз біреулер ұрлап немесе сындырып кеткен жағдайда тұтынушы немесе сол үй кіретін ПМК бір ай мерзім ішінде, егер де тараптардың келісімінде басқаша көзделмесе, қалпына келтіруі тиіс. Есепке алу құралы қалпына келтірілгенге дейін тұтынушы (пәтер иесі) оны энергия желісіне қосуды талап етуге құқылы. Мұндай уақытша қосу үшін ақы алынбайды.

14. Тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы желілердің тиісті түрі үшін былайша айқындалады:

1) жылу - басқару торабының соңғы ысырмасының бөлу фланцы бойынша;

2) ыстық сумен жабдықтау - ыстық сумен жабдықтау жүйесінің соңғы ысырмасының бөлу фланцы бойынша;

3) суық сумен жабдықтау - басқару торабының соңғы ысырмасының бөлу фланцы бойынша;

4) канализациялау - тұтынушы қосылатын жердегі құдық көшедегі канализациялық желі шекарасы болып табылады, ал ауладағы канализация шекарасы - ғимараттан желіге қосылатын құдық;

5) электр энергиясы - ғимаратқа кіретін сым ұшында.

15. Міндеттемелер орындалмаса немесе орындалуы ойдағыдай болмай шықса, шарт бойынша қызмет беруші мен тұтынушы Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 9-бабының 4-тармағына сәйкес келтірілген нақты зиянның орнын толтыруы тиіс.

16. Энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушының алдында энергия жеткізуши параметрлерінің және форс-мажорлық жағдайлардан (стихиялық құбылыстар, әскери іс-қимылдар және т.с.с.) туындайтын энергияның жетіспеушілігі үшін тұтынушы алдында материалдық жауапкершілік алмайды.

#### **4. Көрсетілген қызмет ақысын төлеу тәртібі**

17. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес реттеуге жататын қызмет көрсету ақысын төлеу белгіленген тәртіппен уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

18. Тұтынушы төлемді есептік айдан 25 жұлдызынан кешіктірмей немесе Тұтынушы мен Қызмет көрсетуші арасындағы келісім бойынша Шартта ескерілген мерзімде жасауы тиіс.

19. Төлем мерзімін өткізіп алған жағдайда Тұтынушы шартпен белгіленген айыппулды төлейді.

20. Егер Тұтынушы пайдаланылған энергияға төлем жасамағаны үшін белгіленген тәртіппен ағытылған болса, онда оны қайта қосу борыш өтелгеннен жүргізіледі. Бірнеше рет ағыту кезінде оны қосу борышты өтегеннен және қосқаны үшін төлем жасағаннан кейін жүргізіледі, қызмет көрсетудің осы түрі бойынша тарифі белгіленген тәртіппен аумақтық монополияға қарсы органдармен келісіледі.

21. Жұмсалған энергия үшін есеп айырысу есеп жүргізу құралдарының көрсеткіші негізінде энергиямен жабдықтаушы ұйымдар жазып берген есеп бойынша жүргізіледі.

22. Есеп жүргізу құралдарының көрсеткішін алу мен энергия үшін есептеулерді жазуды пәтерлерге бару кезінде қызметтік куәліктерін көрсетуге міндettі энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың екілдері жүргізеді.

Есеп Тұтынушыға, ал ол болмай қалған жағдайда онымен бір пәтерде тұратын тұтынушы отбасының кәмелеттік жасқа толған мүшесіне тапсырылады.

Екі есептік кезең ішінде Тұтынушының кінәсінен пәтердегі немесе жеке үйдегі есептеу құралдарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде, Тұтынушының өзі энергиямен жабдықтаушы ұйымға өзінің жұмсаған энергиясының саны туралы мәлімет бермесе, энергиямен жабдықтаушы ұйым белгіленген тәртіппен оның берілуін тоқтатуға құқылы.

23. Тараптардың келісуі бойынша есептеу құралдарынан көрсеткішті алу мен төлем құжаттарын толтыру кезінде Тұтынушыға өзіне өзі қызмет көрсетуіне жол беріледі. Бұл кезде төлем құжатын жазуды және төлеуді Тұтынушының өзі жүргізеді. Төлем құжаттарын жазу және төлеу кезінде Тұтынушының жіберген қателері талаптардың ескіру мерзімі шегінде олардың анықталу шамасына қарай энергиямен жабдықтаушы ұйымда есепке алынады.

24. Абоненттің кінәсі бойынша болмаған есептің уақытша бұзылуы кезінде электр энергиясы үшін есеп айырысу егер шартта электр энергиясының аз саны көрсетілмесе, алдыңғы есептік кезеңнің орта тәуліктік шығысы бойынша жүргізіледі.

Электр энергиясының орта тәуліктік есептік кезеңі бір айдан, бұл кезде есеп айырысу есебі толық көлемде қалпына келтірілуі керек, аспауы тиіс.

Егер есеп айырысу есебін көрсетілген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаса, абонентке босатылған электр энергиясына есеп айырысу және есепке алу тәртібін қалпына келтіру тәртібі абоненттің және энергиямен жабдықтаушы ұйымның келісімімен белгіленуі тиіс.

25. Тұтынушының есептеу аспабының сыйбасына өзгеріс енгізгені, оның бүлінгені, пломбасының жұлдынуы, дискінің жасанды тоқтатылуы және басқа бұзылушылықтар ашылған кезде немесе егер Тұтынушы энергияны қымқыру мақсатында жасырын сым өткізгенін немесе есептеу құралының көрсеткішін

бұрмалайтын тетік орнатқанын энергиямен жабдықтаушы органның өкілдері бұрынғы баруларында табуға мүмкін болмаған жағдайда Тұтынушыға энергиямен жабдықтаушы ұйым белгіленген тәртіппен соңғы тексеру өткізілген сәттен бастап, алайда энергияны пайдаланғаны үшін талаптың ескіру мерзімінен аспайтын қайта есептеуді жүргізеді.

Қайта есептеу:

1) жарықтандырғыш ток қабылдағыштардың қуаты және олардың пайдалану сағаттарының саны бойынша;

2) Тұтынушыда штепсельді розеткалар болған жағдайда (олардың санына қарамастан) - бір розетканың 600 Вт қуаттың тәулігіне 24 сағат пайдалануы есебінен, ал 600 Вт қуаттан артық жылыту құралдары немесе басқа электр жабдықтары табылған жағдайда - Тұтынушының пайдалануындағы жабдықтың оның нақты қуатының тәулігіне 24 сағат пайдалануы есебінен жүргізіледі.

26. Өтініш берілген және растайтын құжатты (емдеу мекемесінен, жұмыс орнынан анықтама, санаторий жолдамасының түбіршегі, уақытша тұрған жері бойынша тіркеулі туралы анықтама, қонақ үйде тұрғаны үшін төлемі туралы түбіршек, және т.б.) ұсынған кезде пәтерде тұратын адамдардың (біреуінің немесе бірнешеуінің) уақытша кетуі, есептеу құралдары жоқ жағдайда бір адамға есептелінген қызмет көрсетулер үшін ақы төлеу олардың болмаған уақытына жүргізілмейді.

Төлемді қайта есептеуге әкеліп соққан барлық өзгерістер Тұтынушының энергиямен жабдықтаушы ұйымға өтініш берген сәтінен бастап жүзеге асырылады.

27. Есептеу құралдары уақытша болмаған жағдайда бір адамға есептелінетін қызмет көрсетулер үшін төлемдер тұрушылардың нақты саны бойынша алынады.

28. Кондоминиум (МПК) объектілерін басқаратын органдар жалпы үйлерін мұқтаждарына жұмсалатын энергия үшін белгіленген тәртіппен бекітілген тариф бойынша, пайдалану жауапкершілігі шекарасында орнатылған есептеу құралдары бойынша есеп айырысады.

29. Есептеу құралдарын тараптардың пайдалану жауапкершілігінің бөліну шекарасынан тыс жерде орнатылуы кезінде, бөліну шекарасынан бастап есептеу құралдарын орнату орындарына дейін желі учаскесіндегі шығындар көрсетілген желі учаскесі баланста тұрған иесіне шарт негізінде жатқызылады.

30. Лифтіні пайдаланғаны үшін төлем 1-ші және 2-ші қабаттағы тұрғындардан басқаларының бәрінен алынады.

31. Жылумен қамтамасыз еткені үшін төлем Қызмет көрсетуші Тұтынушымен келісуі бойынша жыл ішінде бірқалыпты не осы қызмет түрін ұсыну кезеңінде жүргізіледі және Шартпен анықталады.

32. Қызмет көрсетуші мен Тұтынушы арасындағы төленбекен қарыздарға байланысты барлық даулы мәселелер сотта шешіледі.

## 5. Тұтынушының құқығы мен міндеттері

33. Тұтынушының:

1) оның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз, оның мүлкіне зиян келтірмейтін белгіленген сапада қызмет көрсетуді алуға;

2) қызмет көрсетулерге бағаларды (тарифтерді) бекіту тәртібі туралы осы көрсеткіштерді бақылауды жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік органдардан ақпараттар алуға;

3) егер Қызмет көрсетуші белгіленген тәртіппен есеп ұсынбаса, алған қызметі үшін төлем жасамауға;

4) қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген шығындар мен зияндарды толық өтеуді, сондай-ақ моральдық залалды толық өтеуді Қызмет көрсетушіден талап етуге;

5) шартпен бекітілген артық үзілістер уақыты үшін қызмет көрсетуге төлем жасамауға;

6) энергиямен жабдықтаушы ұйымға талап қоюға және белгіленген нормалар мен стандарттарға (нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына) сәйкес келмеген уақыттар кезеңіндегі (Шартта белгіленгеннен артық) қызмет көрсетулерге төлемеуге;

7) дер уақытында төлем жүргізген жағдайда оған қажетті мөлшерде энергияны пайдалануға;

8) біржақты тәртіппен шартты бұзуға, бұл туралы энергиямен жабдықтаушы ұйымды хабардар еткен және пайдаланған энергияға толық өтемақы төлеген жағдайда құқығы бар.

34. Тұтынушы:

1) Қызмет көрсетушімен жеке шарт жасасуға;

2) қызметтерді пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;

3) аварияларды жою, есептеу және бақылау құралдарын қарau үшін электр, жылу, сумен жабдықтау, канализация қондырыларымен жұмыс істеуге құқығы бар қызмет көрсетушілердің немесе арнайы кәсіпорындардың өкілдеріне мүмкіндікті қамтамасыз етуге;

4) белгіленген мерзімде ұсынылған қызмет көрсетулер мен энергияға дер кезінде ақы төлеуге;

5) пәтерден, жеке үйден кету кезінде пайдаланылған қызметтер үшін кететін күнге дейін есеп айырысуға міндетті.

35. Тұтынушыға:

1) Қызмет көрсетушінің келісімінсіз пәтер ішіндегі желілерді, инженерлік жабдықтау мен құрылғыларды қайта жарактандыруға;

2) Қызмет көрсетушінің келісімінсіз қуаты үйішлік желі мүмкіндіктерінен асып түсетін тұрмыстық электр құралдары мен машиналарды, үш фазалық ток қабылдағыштарды, жылу құралдарының қосымша секцияларын орнатуға, қосуға және пайдалануға, сондай-ақ пайдалану қауіпсіздігінің талаптарына және санитарлық-гигиеналық нормативтерге сай келмейтін тұрмыстық құралдар мен жабдықтарды қосуға және пайдалануға;

3) энергия есебін жүргізуінде қолда бар сызбасын бұзуға;

4) жылу жүйелерінде жылу тасымалдағыштарды тікелей мақсаттан тыс пайдалануға (жүйеден және жылыту құралдарынан су ағызы) тыйым салынады.

## **6. Қызмет көрсетушінің құқықтары мен міндеттері**

36. Қызмет көрсетушінің:

1) ұсынылған қызмет көрсетулер мен энергия үшін дер кезінде және толық көлемде төлем алуға;

2) энергияның жұмсалуы мен төленуіне бақылау жасауды жүзеге асыруға;

3) біржақты тәртіппен Шартпен белгіленген мерзімдерде ескерту жасаған жағдайда, пайдаланылған энергияға Тұтынушының төлем жасамауына байланысты Шартты тоқтата тұруға;

4) Тұтынушы қызмет көрсетуге алдын ала төлем жасаған жағдайда, белгіленген тәртіппен бекітілген қолданыстағы тарифтен жеңілдіктер жасауға құқығы бар.

37. Қызмет көрсетуші:

1) Тұтынушыға қызметтердің тарифі, төлем жағдайлары, қызмет көрсетуді берудің режимі, олардың тұтынушылық ерекшеліктері, сертификаттарының (сертификаттауға жататын қызметтерге қатысты) бар-жоғы туралы ақпарат беріп отыруға;

2) Тұтынушымен қызметтер көрсетуді беруге арналған жеке шарт жасасуға;

3) Тұтынушыға нормативтік-техникалық құжаттардың міндетті талаптарына сапасы бойынша тиісті энергия мен қызметтер ұсынуға;

4) жеткізілген энергияның сапасы мен санынан есеп жүргізу және бақылау жасауға, Шартта белгіленген мерзімдерінде Тұтынушыға ұсынылатын қызметтер сапасының бұзылуының алдын алу және жою бойынша дер кезінде шаралар қабылдауға;

5) Тұтынушы қызмет көрсетудің сапасының төмендегені туралы арyz берген күннен бастап үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру және қайта есептеуді орындау жөніндегі барлық шараларды қабылдауға;

- 6) Тұтынушыға қызмет көрсетудің сапасы мен оларға төлем мөлшерінің езгергені туралы 10 күннен кешіктірмей хабарлауға;
- 7) Тұтынушыға ай сайын көрсетілген қызмет пен энергия үшін есепті ұсынуға міндетті.

38. Қызмет көрсетушіге:

1) басқа тұтынушылардың міндеттемелерін орындау себептері бойынша қызмет көрсетулерді алуда Тұтынушыға қызмет көрсетуден бас тартуға немесе шектеуге;

2) шарттағыдан жоғарылатылған параметрмен босатылған энергияға Тұтынушыдан қосымша ақы алуға;

3) ай сайынғы қызмет көрсету есебін бермesten, Тұтынушыдан төлем талап етуіне тыйым салынады;

4) 23-тармаққа сәйкес өзіне-өзі қызмет көрсетуге көшірілген Тұтынушы электрмен жабдықтаушы ұйымның өкілі есептеу құралының көрсеткішін алдына-ала түсіруінсіз ақы төлемегені үшін ағытып тастауына тыйым салынады.

## 7. Келіспеушіліктерді шешу тәртібі

39. Қызмет көрсетулерді берудің тоқтатылған уақыты, сондай-ақ олардың сапасының нормативтік-техникалық құжаттамалар талаптарына сәйкес келмеуі Қызмет көрсетушінің диспетчерлік қызмет журналында қажетті (тиісті) сапамен қызмет көрсетуді қалпына келтіру уақыты (күні, сағаты) кейін белгіленуі тиіс.

40. Қызмет көрсетілмеген, қызмет көрсету тиісті сапада немесе толық көлемде болмаған жағдайда Тұтынушы бұл туралы Қызмет көрсетушіге Тұтынушының өзі (арызбен) немесе телефонограммамен міндетті түрде оның берілу уақытын, күнін және берген және оны қабылдаған адамның тегін көрсету арқылы хабардар етуі тиіс. Телефонограммада: қызмет көрсетудің нашарлауының (болмауының) басталу уақыты, нашарлау сипаты және Қызмет көрсетуші өкілінің болу қажеттігі (егер қызмет көрсетудің нашарлауы немесе оның тоқтатылуы Қызмет көрсетушінің журналында тіркелмесе) көрсетіледі.

Тұтынушының өзі келген жағдайда өтініш көшірмесі болуы тиіс, онда оның келіп түскендігі тіркеу сәтінде тіркеу нөмірі, өтініштің берілген күні және уақыты, оны қабылдаған Қызмет көрсетуші өкілінің қолы қойылады.

Қызмет көрсетуші журнالдағы қызмет көрсету сапасының өтініште (телефонограммада) көрсетілген нормадан ауытқу (үзілісі) белгілерін салыстырады және келіспеушілік болмаған жағдайда оның нақты тұтылудына сәйкес қызмет көрсетудің құнына қайта есептеуді орындайды.

41. Қызмет көрсетуші қызмет көрсетпегені немесе төмен сапалы қызмет көрсеткені туралы фактіні растаудан бас тартқан жағдайда Тұтынушы:

- 1) қызмет көрсетуден бас тартуының (ағытып тастау) немесе оның сапасызы жеткізілуінің басталу уақыты;
- 2) қызмет көрсету сапасының нашарлау сипаты;
- 3) өтініштің берілу уақыты мен тіркеу нөмірі (Қызмет көрсетушінің журналы бойынша);
- 4) қызмет көрсетудің қалпына келтірілген (оның сапасының қалыпқа келуі) уақыты;
- 5) қызмет көрсетудің (сапасы нашарлауының) болмау кезеңін көрсете отырып жазбаша өтініш жазуға құқылы.

Актіге Тұтынушы, қызмет көрсетуші үйымның меншік пәтер (үйлер) кооперативінің уәкілетті мүшесі не тәуелсіз екі куәлер қол қояды және Қызмет көрсетушіге жіберіледі. Тараптардың келісімі бойынша дау реттелмеген жағдайда Тұтынушы 10-күндік мерзім ішінде сотқа талап арыз түсіреді.

42. Қызмет көрсетулер кезінде Тұтынушының жіберген бұзушылықтары Қызмет көрсетуші мен Тұтынушы уәкілдерінің екі жақты актісімен екі данада ресімделіп, оның біреуі Тұтынушыға тапсырылады.

Акті Тұтынушы қол қоюдан бас тартқан жағдайда да, бірақ оны Қызмет көрсетушінің комиссиясы немесе құрамында кем дегенде үш адамы бар кондоминиум объектілерін басқару органдары ресімдеген жағдайда, күші бар деп есептелінеді.

43. Акті негізінде Қызмет көрсетуші есептелінбеген энергияның санын анықтайды және Тұтынушыға қосымша төлем сомасы негізімен сотқа дейінгі талапты жібереді.

Тараптардың келісімі бойынша даулардың реттелмеуі жағдайында Қызмет көрсетуші 10 күндік мерзім ішінде сотқа Тұтынушыдан берілген соманы мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алу туралы талап арыз береді және белгіленген тәртіппен шарттың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

## **8. Осы Ережелердің орындалуын бақылау құқығы**

44. Осы Ережелердің орындалуын бақылауды мемлекеттік басқару және қадағалау орындары өз құзыреттерінің шегінде жүзеге асырады.